

ОБ АВТОРАХ

Баймагамбетова Ляззат Каирбековна – к.э.н., ассоциированный профессор, Университет Нархоз, г. Алматы, Казахстан, email: lyazzat.baimagambetova@narхоз.kz, ORCID ID: 0000-0003-3472-2266*

Исаева Айсұлу Жанбулатқызы – докторант по специальности «Маркетинг», Университет Нархоз, Казахстан, email: aisulu.issayeva@narхоз.kz, ORCID 0000-0002-4350-268X

MPHTI 06.77.71

JEL Classification: Z32

DOI: <https://doi.org/10.52821/2789-4401-2024-5-82-98>

АЙМАҚТЫҚ ТУРИЗМДІ ДАМУДЫ МЕМЛЕКЕТТІК РЕТТЕУ: ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ САЯСИ АСПЕКТІЛЕРІ

К. К. Примжарова¹, Н. Ж. Сүлейменова^{2*}, А. М. Еркінбек¹

¹ К.Сағадиев атындағы Халықаралық Бизнес Университеті, Алматы, Қазақстан Республикасы

² Нархоз Университеті, Алматы, Қазақстан Республикасы

АНДАТПА

Бұл мақала Қазақстан Республикасында әртүрлі аймақта туристік белсенділікті қолдау мен ынталандыруда, жүйені басқаруды жақсарту мақсатында туристік индустриясында өсіп келе жатқан бәсекелестік пен ғаламдық өзгерістер контекстінде еліміздегі аймақтық туризмді дамыту процессін зерттеуге бағытталған.

Зерттеудің мақсаты. Қазақстандағы аймақтық туризмді дамытуды талдау мен қалыптасқан жүйені мемлекеттік реттеуді бағалауды қамтиды. Бұл мақсат Түркістан мысалы аясында инновацияларды басқару мен өнімділікті арттыруға, билік органдары жүздесетін негізгі мәселелерді анықтауға және аймақтық туризмді басқару жүйесін жақсарту үшін ұсыныстар әзірлеуді білдіреді.

Зерттеу әдіснамасы. Жұмыста келесідей ғылыми әдістер қолданылған: экстраполяция, графикалық әдіс, деректерді талдау, есептеулер мен статистикалық талдаулар.

Зерттеудің бірегейлігі/құндылығы. Жасалған зерттеу Қазақстандағы туристік индустрияның динамикалық өсуі аясында өзектілігі жоғары және елімізде аймақтық туризмді тұрақты дамыту мен мемлекеттік реттеуді тиімдірек етуде маңызды қадам болып табылады.

Зерттеу нәтижелері:

1. Өлемдік тәжірибелер талданып, қазақстандық шарттарға бейімдеуге болатын аспектілері қарастырылды.

2. Түркістан мысалы аясында инновацияларды басқару мен өнімділікті арттырып, қалыптасқан жүйені мемлекеттік реттеуде зерттеудің нәтижелері ұсынылып, бағаланды.

3. Қазақстандағы аймақтық туризмді дамытуды мемлекеттік реттеудің қалыптасқан жүйесіндегі шектеулер мен мәселелер анықталды.

4. Туризмді реттеудің экономикалық және саяси аспектілерін талдау мен оның аймақтардағы мәдени әлеуметтік дамуға әсерінің талдауы ұсынылды.

5. Қазақстандағы аймақтық туризмді басқару жүйесін жақсарту үшін ұсыныстар әзірленді.

Түйін сөздер: мемлекеттік реттеу, аймақтық туризм, шетелдік тәжірибе, өнімділік, инновацияларды басқару, Түркістан қаласы.

КІРІСПЕ

Қазақстандағы аймақтық туризмнің дамуы қазіргі қоғамда стратегиялық тұрғыда маңыздылығы мен өзектілігі жоғары болып табылады. Ғаламдық туристік нарықта бәсекелестіктің күшеюі мен ғаламдық шарттарда өзгергіштігі аймақтардағы мәдени әлеуметтік және экономикалық дамуы үшін аймақтық туризм негізгі факторға айналуға бастады. Бұл процесс Қазақстан Республикасының стратегиялық дамуының ажырамас бөлігін көрсете отырып, тиімді мемлекеттік реттеуді жүргізуді талап етеді. Аймақтық деңгейде туристік индустриясының дамуында мемлекеттік органдардың рөлі талданылды. Жұмыста аймақтардағы туристік белсенділікті қолдау мен ынталандыру үшін мемлекет тарапынан қолданылатын механизмдер мен құралдар қарастырылды. Туризмді реттеуде экономикалық және саяси аспектілері мен бұл шаралардың аймақтардың мәдени әлеуметтік дамуына ықпалы басты назарға алынды. Зерттеу шеңберінде аймақтық деңгейде туризмнің дамуына басқарудағы тиімді әдістерді суреттейтін сәтті тәжірибелер мен кейстер талданды. Алынған нәтижелер аймақтық туризмді мемлекеттік реттеу саласында стратегия мен ұсыныстарды қалыптастыру үшін пайдалы болуы және бұл саланың тұрақты дамуына үлес қосуы мүмкін.

Зерттеудің өзектілігі. Әлемдік экономикада аймақтық туризмнің динамикалық түрде дамып жатқан саланың бірі болуымен сипатталады. Ол жаңа жұмыс орындарының пайда болуына, инвестиция тартуға, мәдени мұраны сақтау мен Қазақстанның беделін күшейтуге септігін тигізеді. Қазақстанда аймақтық туризмнің дамуы маңызды табыс көзі ретінде қарастырылуына және жергілікті халықтың жағдайын жақсартуға әлеуеті бар.

Берілген зерттеудің ғылыми жаңашылдығы. Қазақстандағы бұл саладағы процессті жақсарту мақсатында ұсыныстар әзірлеп, үздік жұмыстарды айқындауға мүмкіндік беретін аймақтық туризмнің дамуына мемлекеттің ықпалын жүйелі талдаудан тұрады.

Зерттеу объектісі ретінде Қазақстандағы аймақтық туризмнің дамуын мемлекеттік реттеу жүйесі саналады. *Зерттеудің пәні* ретінде Қазақстандағы аймақтық туризмді дамытуда мемлекеттік құралдармен механизмдердің ықпалы қарастырылады. Сонымен қатар бұл механизмдердің өнімділігіне әсер ететін факторлар да ескеріледі.

Солайша, бұл зерттеу жұмысы Қазақстандағы туристік индустрияның динамикалық дамуы шеңберінде маңызды орынды алып, ҚР тұрақты аймақтық туризмді дамытуға және мемлекеттік реттеудегі өнімділікті арттыруға мұрындық болады. Тиімділікті арттыру және өңірлік туризмді дамыту – Түркістан мысалында қарастырылған.

Әдебиеттерге шолу. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев өз мақаласында елде тартымды туристік орындардың бар екендігі атап өтіп, олардың қолжетімділігі шектеулі екендігі баса көрсетеді.

2022 жылы Қазақстанға 200 мыңға жуық шетелдік турист келетіні жайлы ақпарат берілген болатын. Бұл дегеніміз Қазақстанда шетелдік туристік трафикті тартудағы әлеуетін көрсетеді.

Б.З.М. Огли өз жұмысында Жерорта теңізіндегі туризмді дамыту экономикасын талдап көрсетеді. Бұл аймақта туризм саласының дамуының негізгі аспектілерін көрсетеді.

И.В. Мухоморованың мақаласында Ресейдегі аймақтық туризмді дамытудағы инновациялардың маңызды атқаратын рөлі сипатталған болатын, мақалада қолданыстағы бар инновациялық тәжірибелер егжей-тегжейлі қарастырылған.

Е.В. Вишневская, Т.Б. Климова, И.В. Богомазова мақаласында, мобильді қосымшалардың аймақтық туризмді дамытудағы рөлін зерттеп, олардың туристік ағынды арттыруға әсеріне назар аударған.

Н.А. Гончарова, Л.Г. Кирьянова мақаласында туристік аймақтың даму стратегиясын қалыптастыруда туристердің тұтынушылық мінез-құлқы бірден-бір маңызды фактор екендігі ескеріліп, оны зерттеудің рөліне назар аударылған.

Қолданылған Веб-порталдарға сілтемелер, әртүрлі жылдардағы Қазақстан мен Түркістандағы туристік белсенділік туралы ақпаратты қамтиды, онда келу деректері, рекордтық келушілер саны және аймақтағы туризмнің даму тенденциялары көрсетіледі.

Қ. Пірімжановтың кітабынан зерттеулер мен есептеулер үшін формулалар қолданылды.

ЗЕРТТЕУДІҢ НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Қазақстандағы аймақтық туризмді дамытуда мемлекеттің рөлі маңызды фактор ретінде қарастырылады. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев сұхбаттарының бірінде туризмнің дамуының маңыздылығы жайында сөзге тиек еткен. «Билік пен Парламент тарапынан басты назар аударылуы керек сала ретінде туризмнің дамуы болып саналады. Бұл саланың даму әлеуеті толыққанды ашылмаған. Қазақстанда қызықтыра алатындай туристік объектілер жетерлік, алайда олардың көп бөлігі әлі де қолжетімді емес. Бұл саланың өркендеуі үшін біріншіден инфрақұрылымдық мәселелердің кешенді шешілуі мен сервистің сапасының кардиналды түрде жоғарылауы қажет. Кәсіпкерлердің туризм саласында жоғары перспективаларды және мүмкіндіктерді көре алуы үшін қолайлы жағдай тудыру керек. Бұл жұмыстың өнімділігін ішкі және сыртқы туристтер сандары секторындағы жеке инвестициялар көлемі арқылы бағалау қажет», - деді президент мырза [1]. Қазақстан туризмді экономиканың маңызды саласының бірі ретінде дамытуға ұмтылып, бұл үшін мемлекет әртүрлі шаралар мен инициативаларды қарастыруда:

- Инфрақұрылым: Мемлекет туристік инфрақұрылымды дамытуда жаңа әуежайлардың құрылысы, жол, теміржолдардың маршруттары мен бар объектілердің модернизациялау жұмыстарын қаржыландыруы қажет. Бұл туристік орындарды туристерге қолжетімді ете түседі.

- Маркетинг пен жылжыту: Қазақстан шетелдерден туристтерді тарту мақсатында әртүрлі маркетингтік науқандарды ұйымдастыруда. Мәселен, еліміздің әртүрлі аймақтарын көркейту үшін «Жаркент – алма отаны», және «Қазақстанда демал» атты арнайы туристік брендтер қалыптасқан.

- Сервисті жақсарту: Мемлекет туристік қызмет сапасын жоғарылатуда шаралар атқаруда. Соның ішінде қонақжайлылық саласында персоналды оқыту мен қызмет көрсету стандартын қалыптастыруды көздейді.

- Қаржылық қолдау: Туристік жобалардың ілгерілеуі негізінде субсидиялар мен гранттарды беру, әсіресе шағын және орта кәсіпкерлікті қолдауда.

- Заң және реттеу: Қоршаған ортаны қорғау және қауіпсіздік стандарттарын қамти отыра, туризм саласы қызметін реттейтін нормативтік актілер мен заңды әзірлеу.

- Инвестиция тарту: Мемлекеттік жергілікті және шетелдік инвесторлар тарапынан келетін туристік жобаларға және инфрақұрылымға инвестиция тартуға жәрдемдеседі.

- Тұрақты даму: Аймақтардағы мәдени және табиғи ресурстарды сақтау мақсатында экологиялық және әлеуметтік мәдени аспектілерді ескере отырып мемлекет туризмнің тұрақты дамуын қолдайды.

- Ақпараттық қолдау: Аймақтардағы көркем жерлер мен қызметтер туралы ақпараттарды туристтерге қолжетімді ету үшін ақпараттық ресурстар мен орталықтарды құру.

- Халықаралық серіктестік: Аймақтық туризмді жылжыту үшін басқа мемлекеттермен ынтымақтастық пен халықаралық туристік ұйымдарға мүше болу.

2021 жылы туризм саласын қайта қалпына келтіру үшін мемлекет тарапынан қолдау ретінде бірқатар шаралар қабылданып, 2022 жыл есебінде біраз нәтижелерге қол жеткізілді.

Туристік өнімдерді жылжыту мақсатында келесідей шаралар жүзеге асырылып, әзірленді:

- Қазақстан Республикасында туристік пакеттердегі әуебилеттері құнын субсидиялау арқылы кәмілетке толмаған жолаушыларды әуе жолымен тасымалдауды қолдау. 2022 жылы 17 туристік компания «Kids Go Free» атты бағдарлама аясында 692 тур ұйымдастырған. Бұл бағдарлама шеңберінде жалпы алғанда 1431 бала ел ішіндегі туристік сапарларға тегін әуе тасымалдау мүмкіндігін қолданды;

- Халықаралық нарықта елімізді дамыту бойынша іс-шаралардың қабылдануы. 2022 жыл көлемінде Ресей Федерациясында, Сауд Арабиясында, Катар, БАӘ мен Оңтүстік Кореяда 8 роуд-шоуды біріктіретін бірқатар беделді туристік іс-шаралар өткізілді. Туризм саласында 320 шетелдік компаниялармен келісім шарттар жүргізіліп, 10 отандық туристік компанияға сапарлар ұйымдастырылды. Бұдан бөлек БАӘ Arabian Travel Market, Алматы қаласынағы KITF, Германиядағы IMEX Frankfurt, Токио қаласындағы Tourism EXPO Japan, Лондондағы World Travel Market пен Варшавадағы TT Warsaw секілді алып жәрмеңкелерге қосылу қабылданған. Сонымен қатар,

Google, Yandex, Facebook, Instagram және YouTube секілді тағы да басқа платформаларды жарнамалық құралдар ретінде қолдану арқылы Kazakhstan.travel атты ұлттық туристік порталының жетілдірілуі жүзеге асты.

Солайша, аймақтық туризмді дамытуда қолайлы жағдайлар қалыптастыруда мемлекеттің рөлі орасан зор. Ол мәдени және табиғи мұраларды жаңғырту мен экономиканың дамуына, туристтерді тартуға ықпал ете алады. Елімізде туризмнің дамуы алдында бұл саладағы әлеуеті толығымен ашу міндеті тұр. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев бір сөзінде туристтер үшін жоғары сападағы қызмет көрсету мен инфрақұрылымның кемелденуі маңыздылығын атап өтеді. Туризмді бәсекеге қабілетті және тартымды сала ретінде танытуда мемлекет белсенді түрде шешімдер қабылдауда.

Мемлекеттің туризмнің дамуындағы рөлі жоғары бағалауға лайықты және роуд-оу өткізу, алып жәрменкелерге қатысу мен әртүрлі онлайн-платформалар арқылы жылжыту шараларын қоса алғанда Қазақстандағы туристік мүмкіндіктерге әлемдік қауымдастықтық назарын аудартуға ұмтылысын растайды.

Сондай-ақ, кіру туризмін дамытуды ынталандыру әдістерінің бірі туроператорлардың әрбір шетелдік туристке кететін шығындарын субсидиялау арқылы қолдау болып табылады. Бұл мемлекетіміздің шетелдік туристтер ағынын ұлғайтуды көздейтінін көрсетеді.

Бұл шаралар туристтер ағынын ұлғайтып қана қоймай, Қазақстанды саяхаттау мен демалу объектісі ретінде қалыптасытуда орасан зор рөл атқарады. Әлемдік деңгейде туристтер үшін перспективті бағыт ретінде елімізді онды көзқарас тарапынан қабылдауды қалыптастырып, туристік индустрияны дамытуда инвестицияларды ынталандырады.

Аймақтық туризмнің өнімділігін арттыру аймақтық экономикамен қатар ергілікті қауымдастыққа пайда әкеле отырып, бәсекеге қабілеттілікті арттыруды білдіреді. Жоғары өнімділікке жаңа инновацияларды енгізу арқылы қол жеткізуге болады. Бастысы қызмет сапасын арттыруға аса назар аударуды талап етеді.

Түркістан мысалы аясында аймақтық туризмді дамыту үшін өнімділікті арттырып, инновацияларды басқару. Бұл зерттеу аспектісі нақты аймақтың мысалына шоғырланады. Және Туризмдегі инновациялар мен басқаруды жақсарту үшін үздік тәжірибелер мен әдістерді анықтауға мұрындық болады.

Түркістандағы аймақтық туризмнің дамуында инновацияларды басқару туристік тәжірибені жақсарту мен туристік ағынды тарртуда маңызды міндет болып саналады. Төменде бізде бар туристік ресурстар мен қосуға болатын енгізулер келтірілген:

Бізде не бар:

1. Тарихи көрнекті орындар: Түркістан Қожа Ахмет Йассауи кесенесін және басқа да ескерткіштерді қоса алғанда, тарихи мұралаға бай аймақ. Бұл көрнекті орындар туристерді тартуда орасан зор рөл атқаруда.

2. Мәдени іс-шаралар: Аймақтың дәстүр мен өнерімен байланысты фестивальдер мен тұрақты өткізілетін мәден іс-шаралар да туристерді қызықтыруда маңызды орынға ие.

3. Инфрақұрылым: Транспорттық құралдар мен мейрамханаларды және қонақүйлерді қоса алғанда инфрақұрылымды жақсарту туристердің келуіне жайлылық тудырады.

Нені қосуға болады:

1. Цифрлық технологиялар: Интерактивті карталар мен көрнекті орындар туралы ақпаратпен қамтамасыз ететін мобильдік қосымшалар, виртуалды турлар сияқты цифрлық инновацияларды енгізу туристердің өз сапарын жоспарлауға көмектеседі.

2. Экологиялық тұрақты туризм: Туристерге табиғаттан ләззат алуға мүмкіндік берумен қатар қоршаған ортаға қамқорлық көрсетуге мүмкіндік беретін экологиялық тұрақты туристік маршруттарды дамытуды білдіреді.

3. Маркетинг пен брендинг: Туристерге және де маркетингтік науқандардың назарын аударту үшін танымал және тартымды болатын аймақтық мықты брендті құру.

4. Жергілікті қауымдастыққа қатысу: Жергілікті кәсіпкерлерді экономикалық пайдамен қамтамасыз ету мен келушілерге шынайы тәжірибелер қалыптастыру үшін туристік инновацияларға жергілікті халықты қызықтыру.

5. Оқыту мен дамыту: Бірегей турөнімді қалыптастыру мен жоғары сападағы қызметті көрсету аясында туризм саласындағы жергілікті кәсіпкерлер мен жұмысшыларды оқыту.

Аймақтық туризмді дамытуда инновацияларды басқару Түркістанды туристік бағыт ретінде тартымдырақ және бәсекеге қабілетті аймақ ете түсу үшін жергілікті қауымдастықтар, жеке сектор, билік секілді мүдделі тараптармен серіктестік пен кешенді әдістерді талап етеді.

Қожа Ахмет Йассауи кесенесі мен басқа ескерткіштер секілді Түркістандық тарихи көрнекті орындар зиярат ету үшін таптырмас орын болып бой көрсетуде. Түркістанда туризмді дамыту үшін бұл аймақтың туристерді тартымдылығын кеңейтетін жаңа инновациялық ұсыныстар бірегей қызметтер мен бағдарламаларды қалыптастыру маңызды болып есептеледі.

Туризмдегі инновацияны тиімді басқару тек қана туристік ағынды ұлғайту жолын ғана емес, жергілікті экономика мен мәдениетті дамытуда қолайлы және тұрақты жағдайларды құру әдісін білдіреді.

Қазақстанның Еуразияның орталығында орналасуы оны әр түрлі елдердің саяхатшылары үшін қолжетімді етеді және көптеген маршруттар үшін транзиттік орын болып табылады. Қазақстан туризмнің тұрақты дамуы бойынша үлкен потенциалға ие болуымен, шетелдік қонақтар үшін саяси жағдаймен және қауіпсіздіктің жоғары деңгейімен танымал. Қазіргі таңда Қазақстан туристер үшін табиғаттың түрлілігімен, биік таулы жоталармен (Алтай, Тянь-Шань,), шексіз далалармен, тұзды көлдермен (Каспий теңізі, Балқаш көлі), шөлдер (Аксу-Жабағылы, Шарын) және тағы да басқа орындарымен танымал. Бұл табиғи сұлулық экологиялық туризм мен белсенді демалысты ұнататын адамдарды тартады.

Қазақстандағы өңірлік туризмнің даму тарихы көптеген онжылдықтар бойындағы оқиғалар мен өзгерістерге бай.

1. Кеңес кезеңі (1991 жылға дейін) – бұл кезеңде Қазақстанда туризм Кеңес одағы аясында дамыды. Негізгі назар Карпат, Тянь-Шань тауларына және табиғи резервтер мен курорттарды дамытуға аударылды.

2. Тәуелсіздік кезеңі (1991 жылдан бастап) – Қазақстан тәуелсіздік алған сәттен бастап туризм белсенді қарқында дами бастады. Әсіресе, таулы аймақтарда жаңа туристік орындар құрылды. Қазақстан шет елдік туристер үшін қолжетімді болды.

3. Экономикалық реформалар және инвестициялар – елдегі экономикалық реформалардың басталуы және шетелдік инвестициялардың тартылуы әсерінен туризм басты салалардың біріне айналды. Туристердің қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін инфрақұрылым, соның ішінде қонақ үй, әуежай, көлік және жолдар жақсартылды.

4. Спорттық іс-шаралар мен мәдени іс-шаралар – спорттық іс-шараларды ұйымдастыру, соның ішінде «Дакар» раллиі және күрес пен бокстан әлем чемпионаты халықаралық туристердің назарын аударды. Сондай – ақ туризмнің дамуына ықпал ететін мәдени фестивальдар мен көрмелер, тау шаңғысы спорты және тағы да басқа іс-шаралар өткізілді.

5. Экологиялық туризм – Қазақстан таулар, көлдер мен шөлдерді қоса алғанда бірегей және керемет табиғатқа ие. Табиғи сұлулық пен биоәртүрліліктен ләззат алғысы келетін туристер арасында экологиялық туризм және табиғатқа арналған саяхат танымал бола бастады.

6. Мамандандырылған туризм – Қазақстан гастрономиялық туризм, мәдени туризм, аңшылық және балық аулау сияқты туризмнің мамандандырылған түрлерін дамытты.

7. Дамудың болашағы – Қазақстан әлемдік нарықта туризм инфрақұрылымын белсенді дамытуды және туристік мүмкіндіктерін ілгерілетуді жалғастыруда. Қазіргі таңда Қазақстан Орталық Азиядағы маңызды туристік бағыттардың бірі болуға ұмтылады.

Қазақстан Республикасында туризмді дамыту үшін әлеуетті өңірлер.

Қазақстан еліміздің түрлі өңірлерінде туризмді дамыту үшін зор әлеуетке ие. Жыл сайын Қазақстанға 200-300 мың турист келеді. 2022 жылғы мәліметтер бойынша елге келетін туристердің 67 % -ы Ресей Федерациясынан, 16 % -ы Өзбекстаннан, 6 % -ы Түркиядан, 4 % -ы ҚХР-дан және басқа 7 % -ы басқа мемлекеттерден келген азаматтар 2022 жылғы мәліметтер бойынша [2]. Көптеген туристер өз саяхаттары үшін Алматы қаласы мен Алматы облысын, еліміздің астанасы Астана мен Маңғыстау облысын тандайды. Біздің ойымызша, туристерді жиі кездестіруге және осындай аймақтарды дамытуға бейім болатын орындардың тізімі бар:

Алматы және Алматы облысы: бұл аймақ таңғажайып табиғатымен, соның ішінде Тянь-Шань тауларымен танымал. Бұл аймақтарда туристер тау туризмімен айналыса алады, көлдерге бара алады, шаңғымен саяхаттай алады және таңғажайып табиғаттың сұлулығынан ләззат ала алады. Алматы қаласы көптеген мәдени және ойын-сауық іс-шараларын ұсынады. Алматы облысындағы демалыс орнының бірі – Шарын шатқалы. Бұл биік жартастары мен әдемі жер бедері бар шатқал. Ол табиғат әуесқойлары мен фотографтарды тартады. Сонымен қатар, көрікті жерлердің қатарына Үлкен Алматы көлі, Көлсай және Қайыңды да жатады.

Түркістан: бұл тарихи қала Оңтүстік Қазақстан облысындағы мұсылман үшін қажылық орны болып табылады. Қожа Ахмет Ясауи кесенесі, Арыстан баб кесенесі сияқты көптеген сәулет ескерткіштері бар. Түркістан көбіне танымдық, мәдени туристерді тартады. Қазіргі таңда Түркістан соңғы 10 жыл ішінде жоғары қарқында дамып келе жатыр.

Әнші құм: бұл Маңғыстау облысындағы ерекше құмды төбе. Ол әнге ұқсайтын ерекше дыбыстар шығарады. Бұл жер табиғи құбылыстарға қығушылық танытатын зерттеушілер мен туристерді тартады.

Каспий теңізі: Каспий теңізінің батыс жағалауы теңіз демалысына, балық аулау және жағажай демалысына мүмкіндік береді. Атырау және Ақтау қалалары теңіз жағасында демалуға арналған танымал орындар болып табылады.

Бұл аймақтардың барлығының өзіндік ерекше сипаты бар және белсенді туризмнің әр түрлі түрін, мәдени және табиғи әсер ұсынады. Инфрақұрылым мен маркетингтік күш-жігерді дамыту Қазақстанға туристерді көбірек тартуға және туризмді әртараптандыруға ықпал етеді.

Өңірлік туризмді дамытудағы мемлекеттің рөлі.

Қазақстанда өңірлік туризмді дамытудағы мемлекеттің рөлі де маңызды фактор болып табылады. Қазіргі президент Қасым-Жомарт Тоқаев туризмді дамытудың маңыздылығын атап өтті. «Туризмді дамыту Үкімет пен Парламенттің ерекше назарына ие. Бұл саланың әлеуеті толық ашылған жоқ. Елде тартымды туристік орындар көп, бірақ олар әлі де қолжетімді емес. Осы саладағы елеулі серпіліс үшін бірінші кезекте инфрақұрылымдық мәселелерді кешенді шешу және қызмет көрсету сапасын арттыру қажет. Кәсіпкерлер туризм саласында кең перспективаларды көретіндей, жағдай жасалуы қажет.

2021 жылы туризм саласын қалпына келтіру үшін бірқатар мемлекеттік қолдау шаралары қабылданды және 2022 жылы кейбір нәтижелерге қол жеткізілді.

Туристік өнімдерді ілгерілетуге жәрдемдесу мақсатында мынадай іс-шаралар әзірленіп, іске асырылды:

– Туристік пакеттерге енгізілген кәмелетке толмаған жолаушылар үшін әуе тасымалын қолдау, олардың Қазақстан Республикасындағы авиабилеттерінің құнын субсидиялау. 2022 жылы 17 туристік компания «Kids Go Free» бағдарламасы аясында 692 турды жүзеге асырды. Осы бағдарлама аясында барлығы 1431 бала ел ішінде туристік сапарлар кезінде тегін әуе саяхаты мүмкіндігін пайдаланды;

– Елді халықаралық нарықта ілгерілету үшін шаралар қабылдау. 2022 жыл ішінде Ресей Федерациясында, Сауд Арабиясында, Катарда, БАӘ-де және Оңтүстік Кореядағы 8 роуд-шоуды қоса алғанда бірқатар имидждік туристік іс-шаралар өткізілді. 10 отандық сапар ұйымдастырылды және туризм саласындағы 230 шетелдік компаниялармен келіссөздер жүргізілді. Сонымен қатар. Үлкен көрмелерге қатысу болды. Соның ішінде, БАӘ-дегі Arabian Travel Market, Алматы қаласындағы KITF, Германиядағы Imex Frankfurt, Токио қаласындағы Tourism Expo Japan, Лондондағы World Travel Market және Варшавадағы TT Warsaw. Google, Facebook, Instagram және YouTube жарнамалық құралдары арқылы, Kazakhstan.travel ұлттық туристік порталды жүзеге асыру ілгерітілді.

Осылайша, мемлекет Қазақстанда өңірлік туризмді дамыту үшін қолайлы жағдайлар жасауда маңызды рөл атқарады. Оның күш-жүгері туристерді тартуға, экономиканы дамытуға және мәдени және табиғи мұраны ілгерілетуге ықпал етеді. Қазақстанда туризмді дамытудағы маңызды міндет – туризм саласының әлеуетін толық ашу. Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың сөзінде туристер үшін инфрақұрылымдық жетілдірулер мен қызмет көрсету сапасын арттырудың маңыздылығы атап өтілді. Қазіргі таңда мемлекет туризмді тартымды және бәсекеге қабілетті ету үшін белсенді шаралар қабылдауда.

Туризмді дамытудағы мемлекеттің рөлі жоғары бағалануға лайық. Жоғарыда аталған іс-шаралар, соның ішінде роуд-шоу өткізу, ірі көрмелерге қатысу және әртүрлі онлайн-платформалар арқылы

жылжыту, әлемдік қоғамдастықтың назарын Қазақстанның туристік мүмкіндіктеріне аударуға ұмтылысы туралы куәландырады.

Сондай-ақ, әрбір шетелдік туристке шығындарды субсидиялау арқылы туроператорларды күшейтілген қолдау келу туризмін дамытуды ынталандыру тәсілдерінің бірі болып табылады. Бұл елдің шетелдік келушілер ағынын арттыруға байсалды бағытталғандығының көрсеткіші.

Бұл шаралардың барлығы туристер санының артуына ықпал етіп қана қоймай, Қазақстанды саяхат және демалыс үшін тартымды орын ретінде қарастырады. Олар инвестицияларды, туристік индустрияны дамытуды ынталандырады және әлемнің түкпір-түкпірінен келген туристер үшін елді перспективалы бағыт ретінде оң қабылдауды қалыптастырады.

Шетелдік туризм тәжірибесі.

Алдыңғы қатарлы дамыған елдерде туризм индустриясы – жыл сайын елдің бюджетін толықтырып отырған экономиканың негізгі саласының бірі болып табылады. Туризм сферасы атап айтар болсақ, болжаммен елдің бюджетінің 15-20% дейін түсім түсіріп, қамтамасыз етіп отыр. Оларға Швейцария, Франция, Италия, Түркия елдерін тілге тиек етіп айтсақ та болады. Тіпті кейбір посткеңістік елдер: Венгрия мен Чехия да кіреді [3]. Осы елдердің ішіннен жағажай және белсенді туризм бағыты жақсы дамыған, туристік дамуының тарихы тереңде жатқан, елге келген туристерге арналған ұсыныстары мол екендігін қарастыра отырып, туризм индустриясы шарықтап дамыған алпауыт елдердің бірі ретінде Түркияны таңдадық. Себебі, бұл тәжірибе Қазақстан үшін туризм сферасын экономиканың маңызды саласы ретінде дамытуға ұмтылуда пайдалы тәжірибенің бірі болмақ екені анық.

Аймақтық туризмді дамыту бағытында Түркия әлем елдері үшін ең табысты мысалдардың бірі болып табылады. Ол туристік саланы дамыта отырып, туризм саласынан мол табысқа кенелген елдер қатарында. Түркия туристік табиғи-рекреациялық ресурстарға бай. Атап айтар болсақ, Жерорта және Эгей теңіздерінің жағажайларында курорттық туризм және белсенді туризм дамыған, көлдер, аңғарлар, қыраттар, таулы аймақтары және сан алуан басқа да көрікті жерлері бар ел. Бұл құндылықтар елге тау, тау-шағы, сауықтыру туризмін, шытырман оқиғалы, экотуризмді және туризмнің сан алуан түрлерін дамытуға мүмкіндік беріп отыр.

Сонымен қатар, Түркия сонау көне дәуірден келе жатқан ежелгі қалаларымен, архитектуралық сәулет ескерткіштерімен, мұражай және тарихи ежелгі ескерткіштерімен ерекшеленеді.

Түркия мәдени туризмді белсенді түрде дамытып, туристерге ежелге тарих пен мәдениетке байланысты жерлерге бару мүмкіндігін ұсынады.

Осылайша, Түркияның аймақтық туризмді дамытудағы тәжірибесі экономикалық өсуді ынталандыру және өмір сүру сапасын жақсарту үшін табиғи және мәдени ресурстарды барынша пайдалануға бағытталған стратегияның сәтті мысалы болып табылады.

Түркістан мысалында өңірлік туризмді дамыту үшін тиімділікті арттыру және инновацияларды басқару.

Аймақтық туризмнің тиімділігін арттыру оның бәсекеге қабілеттілігін және аймақтық экономикаға да, жергілікті қауымдастықтарға да пайда әкелу қабілетін арттыруды білдіреді. Тиімділікті арттыруға инновацияны енгізу арқылы қол жеткізуге болады, ең бастысы қызмет көрсету саласының сапасын арттыруға үлкен көңіл бөлу. Түркістандағы өңірлік туризмді дамытудағы инновацияларды басқару – туристерді көбірек тарту және туристік тәжірибені жақсарту үшін маңызды міндет.

Қазірдің өзінде бар:

1. Тарихи көрікті жерлер: Қожа Ахмет Ясауи кесенесін қоса алғанда, тарихи мұраға бай ескерткіштер. Бұл көрікті жерлер туристерді қызықтырады.

2. Мәдени іс-шаралар: аймақтың дәстүрлері мен өнеріне катысты тұрақты мәдени іс-шаралар мен фестивальдар да туристер үшін тартымды.

3. Инфрақұрылым: қонақ үйлерді, мейрамханаларды және көлік қызметтерін қоса алғанда, инфрақұрылымды жақсарту туристердің сапарын ыңғайлы етеді.

Қосуға болады:

1. Сандық технологиялар: туристерге сапарларын жоспарлауға көмектесу үшін виртуалды турлар, көрікті жерлер туралы ақпараты бар мобильді қосымшалар және интерактивті карталар сияқты цифрлық инновацияларды енгізу.

2. Экологиялық тұрақты туризм: туристерге табиғаттан ләззат алуға және сонымен бірге қоршаған ортаға қамқорлық жасауға мүмкіндік беретін экологиялық тұрақты туристік маршруттар мен бағдарламаларды дамыту.

3. Маркетинг және брендинг: туристер үшін танымал және тартымды болатын аймақтың күшті брендин, сондай-ақ назар аудару үшін маркетингтік науқандарды құру.

4. Жергілікті қоғамдастықтың қатысуы: келушілер үшін шынайы тәжірибе жасау және жергілікті кәсіпкерлерге экономикалық пайда әкелу үшін жергілікті тұрғындарды туристік бастамаларға тарту.

5. Оқыту және дамыту: жоғары сапалы қызмет көрсету үшін жергілікті кәсіпкерлер мен туризм қызметкерлерін оқыту және бірегей туристік өнімдер жасау.

Әлемнің әртүрлі бөліктерінде аймақтық туризмді дамыту үшін тиімділікті арттыру және инновацияларды қолдану бойынша көптеген зерттеулер жүргізілді. Бұл зерттеулердің нәтижелері нақты аймаққа және стратегияларға байланысты өзгертіліп отырған. Жалпылама даму тенденциялары болды. Мәселен, тұтынушылардың мінез-құлқын зерттеу [4]. Туристер орналасу орындарын, көлік құралдарына билеттерді және экскурсияларды алдынала іздеу және брондау үшін мобильді қосымшаларды қалай пайдаланатынын талдау. Зерттеулер көрсеткендей, мобильді қосымшалар мен онлайн брондаудың енгізілуі көбірек брондауларға, демек, көп туристерге әкеледі.

Жүргізілген зерттеу нәтижелері белгілі бір аймаққа туристік ұсыныстарды көбейтуге, бейімдеуге және де бәсекеге қабілеттілікті арттыруға көмектесетіні сөзсіз. Зерттеу нұсқалары ретінде: фокус-топтар, брондау деректеріне талдаулар жасау, туристік сауалнамалар, басқа аймақтармен салыстырмалы талдауларды қамтуы мүмкін. Осының барлығы аймақтық туризмді дамытуда және оның туристер үшін тартымдылығын арттыруда қандай нақты технологиялық инновациялар тиімді екенін анықтауға көмектеседі [5].

Туристік аймақты тиімді дамыту және туристерді тарту үшін - турист не үшін саяхат жасайтынын нақты түсіну қажет, оның тұтынушылық мінез-құлқын түсіну қажет [6].

Туризмді дамытудағы табысты инновацияларды басқару үкімет, жеке сектор және жергілікті қауымдастық сияқты әртүрлі тараптар арасындағы ынтымақтастықты қамтиды. Ол қызмет көрсету сапасын арттыруға, жаңа туристік өнімдерді ұсынуға және бірегей және тартымды туристік тәжірибені құру үшін инфрақұрылымды дамытуға бағытталған.

Мысал ретінде, Түркістанның тарихи көрікті жерлері, соның ішінде Қожа Ахмет Ясауи кесенесі және тағы да басқа ескерткіштер қазірдің өзінде де тартымды бірегей орын болып табылады. Түркістанда туризмді дамыту үшін осы өңірдің туристер үшін тартымдылығын кеңейтуге мүмкіндік беретін жаңа инновациялық ұсыныстар, бірегей бағдарламалар мен қызметтер жасау маңызды.

Туризмдегі инновацияларды тиімді басқару - бұл туристер ағынын арттыру жолы ғана емес, сонымен қатар жергілікті экономика мен мәдениетті дамыту үшін тұрақты және қолайлы жағдайлар жасау тәсілі болып табылады. *Өңірлік туризмді Қазақстанда есептеулер бойынша дамыту.*

Зерттеу барысында біз жыл сайын Қазақстанға келетін туристер санының көмегімен болжамды өсімді, сонымен қатар, алдағы жылдарға арналған үрдісті анықтауға шешім қабылдадық. Туристердің ҚР келуінің өсу болжамы мен негізгі тенденциясы туралы есептеулер мүдделі тараптар үшін құнды ақпарат бере алады:

1. Туристік индустрия: ұсыныс пен қызметтерді сұраныстың күтілетін өсуіне бейімдеуге, маркетингтік науқандарды оңтайландыруға және ресурстарды тиімдірек басқаруға көмектеседі.

2. Мемлекеттік органдар: туризмді дамыту, инвестициялар тарту, сондай-ақ туристік ресурстарды тиімді басқару жөніндегі стратегияларды әзірлеуге мүмкіндік береді.

Мәселен, әрбір шетелдік туристтің шығындарын субсидиялау арқылы кіру туризмі саласындағы туроператорларға қолдау көрсетілген. Сол арқылы 421 шетелдік туристке туроператорлардың өтінімі мақұлданды [7].

3. Бизнес секторы: кәсіпорындарға туристердің тұтынушылық мінез-құлқындағы өзгерістерге бейімделуге, ұсынысты оңтайландыруға және тауарлы-материалдық құндылықтарды басқаруға көмектеседі.

4. Зерттеу саласы: туристік индустриядағы үрдістерді талдау, зерттеулер жүргізу және стратегиялық ұсыныстарды қалыптастыру үшін бастапқы деректер ретінде қызмет етеді.

Біз болжамды, үрдісті, өсуді, сондай-ақ тренд сызығын есептеу үшін жаңалықтар форумдарында 2017 жылдан бастап 2022 жылға дейін жалпы Қазақстан мен Түркістанға келген туристер саны туралы болжамды деректер көрсетілген 1-ші кестеде, 2017 жылдың желтоқсан айынан бастап 2022 жылдың желтоқсан айына дейінгі болжамды деректері берілген. Бастапқы деректер екі бағаннан тұрады.

Кесте 1 – 2017-2022 жылдардағы ҚР және Түркістан қалаларындағы туристер саны.

№	Жылдар	ҚР туристер саны		Түркістан қаласындағы тур.саны	
1	жел.17	5.800.000	■	1.090.755	■
2	жел.18	3.700.000	■	1.440.000	■
3	жел.19	4.100.000	■	1.200.000	■
4	жел.20	2.600.000	■	1.100.000	■
5	жел.21	6.900.000	■	1.350.000	■
6	жел.22	3.400.000	■	1.900.000	■
Ескерту – авторлар [8-14]әдебиет негізінде құрастырған					

Ең алдымен біз тренд сызығын есептедік. Деректерді талдаудағы тренд сызығы өзгерістердің бағытын визуализациялау үшін қолданылады. Негізгі мақсаттары мен міндеттері:

1) трендті көрсету: тренд сызығы белгілі бір кезеңдегі жалпы сипатын көрсетеді. Бұл деректердің негізгі трендін анықтауға және олардың кейбір жүйелілігі бар-жоғын анықтауға көмектеседі.

2) болжау: тренд сызығына сүйене отыра, болашақта қандай мәндер болуы мүмкін екендігі туралы болжам жасауға болады. Бұл ықтимал сценарийлерді жоспарлауға, антиципациялауға көмектеседі.

3) циклды анықтау: тренд сызығы қайталанатын тенденциялар үшін пайдалы деректердегі циклдік үлгілерді бөлуге көмектеседі.

4) аномалияларды анықтау: тренд сызығы болған кезде қосымша талдауды қажет етуі мүмкін деректердегі қателерді немесе өзгерістерді анықтау оңай.

5) өзгерістерді визуализациялау; тренд сызығы деректерді визуализациялаудың маңызды құралы болып табылады, оны түсінікті және түсіндіруге оңтайландырады.

1-ші графикте 2017-2022 жылға дейінгі ҚР-дағы туристер саны көрсетілген, ал 2-ші графикте 2017-2022 жылға дейінгі Түркістан қаласындағы туристер саны көрсетілген.




График 1 – ҚР-дағы 2017 жылдан 2022 жылға
График 2 – Түркістан қаласындағы
2017 жылдан 2022 жылға дейін туристер саны.

Ескерту – авторлармен құрастырылған.

Тренд сызығының дәлдігі болмағандықтан, келесі қадамда біз тенденция мен өсуді есептеу үшін болжамды қолдануға арналған формулаларды қолдандық. Excel бағдарламасындағы кірістірілген мүмкіндіктер болжау графикалық пішінге қарағанда көбірек мүмкіндіктер береді. Бұл функциялардың кейбіреулері жеке болжамдар мәндерді есептеу үшін сенімділік аралықтарын құруға мүмкіндік береді. Бұл функциялардың негізінде регрессиялық талдау жасалады. Егер Y болжау деректерін жылдам есептеу қажет болса, онда «БОЛЖАУ, ӨСУ және ТЕНДЕНЦИЯ» функциялары қолданылады.

1. «БОЛЖАМ» функциясының синтаксисі: = БОЛЖАМ (x; Мәндер_y; Мәндер_x); мұндағы X-болжамды фактордың аргументі, мәні,

"Мәндер_y" аргументі-Y айнымалысының бір өлшемді массиві (немесе осы массивтерді құрайтын ұяшықтар аймағы

2. «ТЕНДЕНЦИЯ» функциясының синтаксисі = ТЕНДЕНЦИЯ (Мәндер_y; Мәндер_x; Жаңа Мәндер_x; тұрақты)

3. «ӨСУ» функциясының синтаксисі = ӨСУ (Мәндер_y; Мәндер_x; Жаңа Мәндер_x; тұрақты) [15].

2-3 кестеде ҚР-дағы туристердің 2023-2025 жылға арналған болжамы мен Түркістан қаласындағы туристердің 2023-2025 жылдарға арналған болжамы.

көрсетілген.

Кесте 2 – ҚР-дағы туристердің 2023-2025 жылға арналған болжамы.

№	Жылдар	ҚР дағы туристер саны	Болжам кезеңі	ҚР-ғы туристер болжамы	ҚР-ғы туристер тенденциясы	ҚР-ғы туристердің өсуі
1	жел.17	5800000	01.12.2023	4026871,6	4026871,6	3690368
2	жел.18	3700000	01.12.2024	3915240,2	3915240,2	3559980
3	жел.19	4100000	01.12.2025	3803913,8	3803913,8	3434536
4	жел.20	2600000				
5	жел.21	6900000				
6	жел.22	3400000				

Ескерту – авторлар [8-14] әдебиет негізінде құрастырған

Біздің кестеде формула келесідей болады:

- =БОЛЖАМ(E3;\$C\$3:\$C\$8;\$B\$3:\$B\$8)
- =ТЕНДЕНЦИЯ (\$C\$3:\$C\$8;\$B\$3:\$B\$8;E3;1)
- =ӨСУ(\$C\$3:\$C\$8;\$B\$3:\$B\$8;E3;1)

Кесте 3 – Түркістан қаласындағы туристердің 2023-2025 жылдарға арналған болжамы.

№	жылдар	Түркістан қаласындағы туристер саны	Болжам кезеңі	Түркістан қаласына туристер болжамы	Түркістан қаласына туристер тенденциясы	Түркістан қаласына туристер өсуі
1	жел.17	1 090 755	01.12.2023	1714211	1714211	1695204,23
2	жел.18	1440000	01.12.2024	1819434	1819434	1820652,56
3	жел.19	1200000	01.12.2025	1924369	1924369	1955002,92
4	жел.20	1100000				
5	жел.21	1350000				
6	жел.22	1900000				

Ескерту - авторлар [8-14] әдебиет негізінде құрастырған

Біз сондай-ақ жылжымалы орташа және экспоненциалды тегістеу әдісін қолдандық. Жылжымалы орташа және экспоненциалды тегістеу сияқты тегістеу әдістері елге келетін туристер санын келесі аспектілерде талдауда пайдалы:

1. Деректердегі шуды азайту: туристік ағындар сыртқы әсерлерге, маусымдық ауытқуларға және кездейсоқ факторларға ұшырауы мүмкін. Тегістеу шудың әсерін азайту және деректерді түсіндіруге мүмкіндік беру арқылы жалпы трендті бөлуге көмектеседі.

2. Жалпы трендті анықтау: тегістеу деректердегі жалпы трендті анықтауға көмектеседі, бұл уақыт бойынша өзгерістердің негізгі динамикасын анықтауды жеңілдетеді.

3. Болжау: экспоненциалды тегістеу, әсіресе алдыңғы деректерге негізделген болашақ мәндерді болжау үшін қолданылуы мүмкін. Бұл туристік ресурстарды жоспарлау мен басқаруда пайдалы.

4. Ұзақ мерзімді өзгерістерді түсіру: тегістеу ұзақ мерзімді өзгерістер мен тенденцияларды анықтауға көмектеседі, әсіресе қысқа мерзімді ауытқулар шамадан тыс болуы мүмкін.

5. Ұзақ мерзімді өзгерістерді визуализациялау: тегістеу әдістері тегіс графиктерді жасауға мүмкіндік береді, бұл ұзақ мерзімді трендтерді визуализациялауды көрнекі және қол жетімді етеді.

Бұл әдістер елге келушілер туралы деректерді талдауды жақсартуға және қорытындыларды сенімдірек сонымен қатар ақпараттандыруға мүмкіндік береді.

Экспоненциалды тегістеу уақытша қатарларға қолданылылады. Бұл тегістеудің әдісінде мәліметтердің «қартаюы» ескеріледі - тегістеудің бұл процесінде үлкенірек салмақ соңғы мәліметтерге түседі. 4-ші кестеде көрсетілген. Соңғы мәліметтердің әсер ету дәрежесі алдыңғымен салыстырғанда арнаулы α коэффициенті көмегімен беріледі, ол тегістеудің коэффициенті немесе өшудің факторы деп атаады. Бұл коэффициент 0 мен 1 - дің аралығындағы мәндерді қабылдайды және оның мағынасы нөлге жақынырақ болған сайын, соңғы мәліметтердің әсері соғұрлым арта түседі.

Осы жағдайда тегістелген мәндер келесі формула бойынша есептелінеді:

$$y^{c2l} = (1 - \alpha) \cdot y_{i-1} + \alpha \cdot y_{i-1}^{c2l}, \text{ мұнда } y_1^{c2l} = y_1 \quad (1)$$

Кесте 4 – ҚР мен Түркістан қаласына келетін туристер мысалында қозғалмалы орташа және экспоненциалды тегістеу.

№	ҚР тегістеу	Түркістан тегістеу	ҚР экс	Түркістан экс	альфа=	0,3
1			5800000	1090755		
2	4750000	1265378	4330000	1335227		
3	3900000	1320000	4169000	1240568		
4	3350000	1150000	3070700	1142170		
5	4750000	1225000	5751210	1287651		
6	5150000	1625000	4105363	1716295		
Ескерту - авторлар [8-14] әдебиет негізінде құрастырған.						

Болжамның дәлдігі үшін біз қолданған соңғы әдіс-Холт әдісі. Холт әдісі, сондай-ақ қос экспоненциалды тегістеу әдісі ретінде белгілі, деректердегі тренд пен маусымдылықты есепке алуды қамтитын уақыт қатарын болжау әдісі. Бұл әдіс өзгеретін трендтермен уақыт қатарларын талдауда пайдалы болуы мүмкін. Тегістеудің жоғарыда келтірілген әдістерге қатысты анық кемшілігі тегістелген мәліметтерінің мәндері бастапқыға қарағанда оңға жылжуы болып көрінеді. Бұл кемшілікті түзетуге тек тегістеудің Холта әдісі көмектеседі. Тегістеудің бұл әдісі X айнымалысы уақыт болмаған жағдайда да қолданылады.

Холта әдісінде екі теңдеулер жүйесін пайдаланады: тегістелген мәнді анықтайтын және тренд мәнін құрайтын.

$$y^{c2l} = (1 - \alpha) \cdot y_i + \alpha \cdot (y_{i-1}^{c2l} + Q_{i-1})$$

$$T_i = (1 - \beta) \cdot (y_i^{c2l} - y_{i-1}^{c2l}) + \beta \cdot Q_{i-1} \quad (2)$$

$$d=0,4$$

$$e=0,5$$

$$y_1^{c2l} = y_1$$

$$T_1 = (y_2 - y_1 + y_4 - y_3)/2 \quad (3)$$

5-ші кестеде – Холт әдісі ҚР мен Түркістан қаласына келетін туристер мысалында көрсетілген.

Кесте 5 – Холт әдісі ҚР мен Түркістан қаласына келетін туристер саны

№	жылдар	ҚР ғы туристер саны	Түркістан қаласындағы туристер саны	Холтды тегістеу	Ti
1	жел.17	5800000	1090755		-1800000
2	жел.18	3700000	1440000	5800000	2000000
3	жел.19	4100000	1200000	1500000	-1150000
4	жел.20	2600000	1100000	5580000	1465000
5	жел.21	6900000	1350000	1700000	-1207500
6	жел.22	3400000	1900000	6958000	2025250

Ескерту – авторлар [8-14] әдебиет негізінде құрастырған

Холт әдісінің негізгі компоненттері:

1. Деңгей (деңгей): кезеңнің ортасында күтілетін мәнді білдіреді.
2. Тренд(Trend): уақыт бойынша деректердің өзгеру бағыты мен жылдамдығын көрсетеді.
3. Деңгейді тегістеу (тегістеу деңгейі): деңгейдің соңғы бақыланатын мәндерге қаншалықты тез бейімделуі керектігін анықтайтын Параметр.
4. Трендті тегістеу (Trend Smoothing): трендтің соңғы өзгерістерге қаншалықты тез бейімделетінін анықтайтын параметр.

Холт әдісін әртүрлі сценарийлерде болжау үшін тиімді ететін айқын немесе жасырын трендтері бар уақыт қатарлары үшін қолдануға болады. Бұл 3-4 графиктерден көруге болады.




График 3 – Қазқстандағы туристер санының екі еселенген тегістеуге қатынасы (Холт әдісі).

Ескерту – авторлармен құрастырылған.

Бұл әсіресе тренд уақыт өте келе өзгерген кезде пайдалы және дәлірек болжау үшін осы динамиканы ескеру қажет.

Қолданылған формула $= (1-Q_{13}) \cdot L_{15} + Q_{13} \cdot (N_{14} + O_{14})$; $= (L_{15} - L_{14} + L_{17} - L_{16}) / 2$;
 $= (1-Q_{13}) \cdot (N_{15} - N_{14}) + Q_{13} \cdot O_{14}$ альфа баста $= 0,4$ и бета $= 0,5$.




График 4 – ҚР-дағы Түркістан қаласындағы туристер санының екі еселенген тегістеуге қатынасы (Холт әдісі).

Ескерту – авторлармен құрастырылған.

Соңғы жылдардағы Қазақстанға туристердің келуі бойынша жүргізілген зерттеу жұмыстары мен алдағы кезеңдерге арналған болжамды тенденцияларды негізге ала отырып құнды қорытындылар жасауға болады. Өртүрлі талдау тәсілдерін, соның ішінде жылжымалы ортаны, экспоненциалды тегістеуді және т.б. зерттеу қағидаттары мен жұсытарды пайдалана отырып, біз өткен тенденцияларды анықтап және бақылап қана қоймай, онымен қоса елімізге туристердің саяхаттауындағы мүмкін деген өзгерістерді болжай алдық.

Бұл есептеулер мен болжамдар 2023 жылдың статистикалық мәліметтермен салыстырғанда 0,127-ге ғана алшақтығын көрсетті, бұл әдіс қызғушылық танытатын мүдделі тараптар үшін туризмнің ықтимал өсу процесіне дайындалу барысында өте маңызды. Деректерді талдау және нақтылау туристер санын болжау үшін ғана емес, сонымен қоса туризм индустриясын дамытуда жаңа стратегияларды негіздеуге, инфрақұрылымды жақсартып, оған деген сұраныстың артуына бейімдеуге және туристік тәжірибені ілгерілету үшін ресурстарды тиімді әрі орнымен пайдалануға мүмкіндіктер ашады.

Осы секілді аналитикалық тәсілдер ұйымдар мен мемлекеттік мекемелерге туристік тәжірибені қалыптастыруға және оны дамытуға бағытталған негізгі шешімдерді қабылдауға көмектеседі, бұл еліміздегі туристік индустрияның тұрақты өсіп жылжуына және елге келушілерді одан әрі қызықтыруға ықпал етеді.

ЗЕРТТЕУ НӘТИЖЕЛЕРІ ЖӘНЕ ТҰЖЫРЫМДАР

Аумақтың әлеуеттік жағдайы география, климат және табиғат ресурстары секілді табиғи факторларға тәуелді емес және адамның ықпалымен, интеллектуалды шеберлігімен, энергиясымен, құндылықтарымен және ұйымдастырушылық күш-жігерімен анықталады. Түркістан облысының жағдайында ұлттық экономиканың маңызды құрамдас бөлігі ретінде туризмді ілгерілету және дамыту күрделі және көп қырлы процесс болып табылады.

Қазақстанда өңірлік туризмді мемлекет тарапынан реттеуді дамыту үшін келесі ұсыныстарды қарастыруға болады болады:

1) Инфрақұрылымды жетілдіру және туристік орындарға қолжетімділікті қамтамасыз ету.

2) Құрылыс және реконструкциялау жұмыстары арқылы туристік объектілерді қайта құру және жаңғырту.

3) Стратегиялық жоспарлау.

4) Маркетинг және жылжытуды қолға алу.

5) Шағын кәсіпкерлікті барынша қолдау.

6) Кадрларды даярлау және олардың біліктілігін арттыру.

Әлеуметтік-мәдени алмасу: туристермен кездесулерді жиі ұйымдастыру әлеуметтік-мәдени алмасуды жеңілдетеді, жергілікті тәжірибені байыта түседі және түсіністік пен толеранттылықты арттырады.

Әлеуметтік инфрақұрылым: Табыстың жоғарылауы және инфрақұрылымның дамуымен қатар білім беру, денсаулық сақтау және ойын-сауық секілді әлеуметтік инфрақұрылымның даму және сапа деңгейі де жақсаруы мүмкін.

Дәстүрлер мен мәдениетті сақтау: Туризмді дамыта отырып дәстүрлер мен табиғи ресурстарды сақтауға мотивация алуға мүмкіндік орасан зор, себебі олар туристерді тарту үшін маңызды болмақ.

Алайда, туризмді дамытуда бірнеше жақсы теңестіру маңызды, ол жергілікті тұрғындарға пайда алып келеді және аймақтың табиғаты мен мәдени құндылықтарын сақтауға мүмкіндік береді. Бұл тиімді басқаруды және жергілікті тұрғындардың мүдделерін ескеруді де қажет етеді.

Соңғы жылдардағы Қазақстанға туристердің келуі бойынша жүргізілген зерттеулер мен алдағы кезеңдерге болжамды тенденциялар негізінде біршама ауқымды қорытындылар жасауға болады. Түрлі талдау әдістерін, соның ішінде жылжымалы ортаны, экспоненциалды тегістеуді және т.б. әдіс-тәсілдерді пайдалана отырып, біз өткен тенденцияларды анықтап қана қойған жоқпыз, сонымен қоса елімізге туристердің келуіндегі ықтимал өзгерістерді болжап бере алдық.

Бұл есептеулер мен болжамдар мүдделі тараптарға туризмнің тұрақты өсуіне дайындалу үшін өте маңызды. Деректерді талдай отырып туристер санын болжауда ғана емес, сонымен қатар туризм индустриясын дамыту стратегияларын негіздеуде, инфрақұрылымды сұраныстың артуына бейімдеуде және туристік тәжірибені дамыту негізінде ресурстарды тиімді пайдалануда мүмкіндіктер ашады.

Осы секілді аналитикалық тәсілдер ұйымдар мен мемлекеттік мекемелерге туристік тәжірибені қалыптастыруға және оны дамытуға бағытталған негізгі шешімдерді қабылдауға көмектеседі, бұл еліміздегі туристік индустрияның тұрақты өсіп жылжуына және елге келушілерді одан әрі қызықтыруға ықпал етеді.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Президент: В Казахстане есть привлекательные туробъекты, но они малодоступны [Электронды ресурс] // www.nur.kz [web-сайт]. – 2023. – URL: <https://www.nur.kz/politics/kazakhstan/2014488-tokaev-v-strane-est-privlekatelnye-turisticheskie-obekty-no-oni-malodostupny/> (қаралған күні: 25.03.2024ж.).

2. В 2022 году Казахстан посетило почти 200 тысяч иностранных туристов [Электронды ресурс] // Forbes [web-сайт]. – 2024. – URL: https://forbes.kz/process/kazakhstan_posetilo_pochti_200_tyisyach_inostrannyih_turistov (қарау күні: 25.03.2024 ж.).

3. Оглы Б. З. М. Анализ экономики развития туризма Средиземноморья // Российское предпринимательство, 2013. – №. 12 (234). – С. 115-121.

4. Мухоморова И. В. Инновации в развитии регионального туризма в России // Инновации и инвестиции, 2021. – С. 16-18.

5. Вишневская Е. В., Климова Т. Б., Богомазова И. В. Роль современных мобильных приложений в развитии регионального туризма // Научное обозрение. Экономические науки – 2015. – № 1. – С. 93-94. – URL: <https://science-economy.ru/ru/article/view?id=566> (қарау күні: 25.03.2024 ж.).

6. Гончарова Н. А., Кирьянова Л. Г. Роль исследований потребительского поведения туристов в разработке стратегии туристского региона // Известия Томского политехнического университета. Инжиниринг георесурсов. – 2010. – Т. 316. – №. 6.

7. Арызгулов А. Б. Развитие туристских продуктов в Актыбинской области и современные способы их продвижения // Национальная экономика и экономика территорий. – 2023. – № 2. – С. 293-304.
8. Казахстанцы стали больше путешествовать по стране [Электронды ресурсы] // Forbes [web-сайт]. – 2024. – URL: https://forbes.kz/process/kazakhstan_posetilo_pochti_200_tyisyach_inostrannyih_turistov (қарау күні: 05.04.2024 ж.).
9. На сколько сократилось число туристов в Казахстане – исследование [Электронды ресурсы] // Tengrinews [web-сайт]. – 2023. – URL: https://tengrinews.kz/kazakhstan_news/skolko-sokratilos-chislo-turistov-kazakhstane-issledovanie-429348/ (қарау күні: 05.04.2024 ж.).
10. За 2022 год турпоток в Казахстан увеличился в 3,6 раза, за чем едут в РК иностранцы [Электронды ресурсы] // kz24.news [web-сайт]. – 2024. – URL: <https://kz24.news/news/obschestvo/za-2022-god-turpotok-v-kazakhstan-velichilsya-v-3-6-raza-za-chem-edut-v-rk-inostrantsy.html> (қаралған күні: 05.04.2024 ж.).
11. Туркестан посетило более 1 млн туристов в 2017 году [Электронды ресурсы] // inbusiness.kz [web-сайт]. – 2023. – URL: <https://inbusiness.kz/ru/last/turkestan-posetilo-bolee-1-mln-turistov-v-2017-godu> (қарау күні: 05.04.2024 ж.).
12. Развитие туризма в Казахстане: Туркестан ждет миллионного туриста году [Электронды ресурсы] // kursiv.media [web-сайт]. – 2024. – URL: <https://kz.kursiv.media/2018-10-08/razvitie-turizma-v-kazakhstane-turkestan-zhdet-millionnogo-turista/> (қарау күні: 05.04.2024 ж.).
13. За 10 месяцев 2019 года Туркестан посетили более миллиона туристов-Рашид Аюпов [Электронды ресурсы] // liter.kz [web-сайт]. – 2019. – URL: <https://liter.kz/13547-za-10-mesyatsev-2019-goda-turkestan-posetili-bolee-milliona-turistov-rashid-ayupov/> (қарау күні: 24.04.2024 ж.).
14. 2021 год стал рекордным для Казахстана по количеству туристов [Электронды ресурсы] // kursiv.media [web-сайт]. – 2024. – URL: <https://kz.kursiv.media/2018-10-08/razvitie-turizma-v-kazakhstane-turkestan-zhdet-millionnogo-turista/> (қарау күні: 05.04.2024 ж.).
15. Б. Даулетбаков, К. Примжарова Болжау, жоспарлау және жобалауды басқару. – Алматы, 2023. – 189 б.

REFERENCES

1. Prezident: V Kazakhstane est' privlekatel'nye turob'ekty, no oni malodostupny. Retrieved March 25, 2024, from <https://www.nur.kz/politics/kazakhstan/2014488-tokaev-v-strane-est-privlekatelnye-turisticheskie-obekty-no-oni-malodostupny/> (in Russian).
2. V 2022 godu Kazakhstan posetilo pochti 200 tysyach inostrannykh turistov. (2024). Retrieved March 25, 2024, from https://forbes.kz/process/kazakhstan_posetilo_pochti_200_tyisyach_inostrannyih_turistov (in Russian).
3. Ogly, B. Z. M. (2013). Analiz ekonomiki razvitiya turizma Sredizemnomor'ya. *Rossiyskoe predprinimatel'stvo*, 12(234), 115–121. (in Russian).
4. Mukhomorova, I. V. (2021). Innovatsii v razvitii regional'nogo turizma v Rossii. *Innovatsii i investitsii*, 16–18 (in Russian).
5. Vishnevskaya, E. V., Klimova, T. B., & Bogomazova, I. V. (2015). Rol' sovremennykh mobil'nykh prilozheniy v razvitii regional'nogo turizma. *Nauchnoe obozrenie. Ekonomicheskie nauki*, 1, 93–94. Retrieved March 25, 2024, from <https://science-economy.ru/ru/article/view?id=566> (in Russian).
6. Goncharova, N. A., & Kir'yanova, L. G. (2010). Rol' issledovaniy potrebitel'skogo povedeniya turistov v razrabotke strategii turistskogo regiona. *Izvestiya Tomskogo politekhnicheskogo universiteta. Inzhiniring georesursov*, 316(6). (in Russian).
7. Aryzgulov, A. B. (2023). Razvitie turistskikh produktov v Aktyubinskoy oblasti i sovremennye sposoby ikh prodvizheniya. *Natsional'naya ekonomika i ekonomika territoriy*, 2, 293–304. (in Russian).
8. Kazakhstansytaly bol'she puteshestvovat' po strane. (2024). Retrieved April 5, 2024, from https://forbes.kz/process/kazakhstan_posetilo_pochti_200_tyisyach_inostrannyih_turistov (in Russian).
9. Na skol'ko sokratilos' chislo turistov v Kazakhstane – issledovanie. (2023). Retrieved April 5, 2024, from https://tengrinews.kz/kazakhstan_news/skolko-sokratilos-chislo-turistov-kazakhstane-issledovanie-429348/ (in Russian).
10. Za 2022 god turpotok v Kazakhstan uvelichilsya v 3,6 raza, za chem edut v RK inostrantsy. (2024). Retrieved April 5, 2024, from <https://kz24.news/news/obschestvo/za-2022-god-turpotok-v-kazakhstan-velichilsya-v-3-6-raza-za-chem-edut-v-rk-inostrantsy.html> (in Russian).

11. Turkestan posetilo bolee 1 mln turistov v 2017 godu. (2023). Retrieved April 5, 2024, from <https://inbusiness.kz/ru/last/turkestan-posetilo-bolee-1-mln-turistov-v-2017-godu> (in Russian).

12. Razvitie turizma v Kazakhstane: Turkestan zhdet millionnogo turista. (2024). Retrieved April 5, 2024, from <https://kz.kursiv.media/2018-10-08/razvitie-turizma-v-kazakhstane-turkestan-zhdet-millionnogo-turista/> (in Russian).

13. Za 10 mesyatsev 2019 goda Turkestan posetili bolee milliona turistov – Rashid Ayupov. (2024). Retrieved April 24, 2024, from <https://liter.kz/13547-za-10-mesyatsev-2019-goda-turkestan-posetili-bolee-milliona-turistov-rashid-ayupov/> (in Russian).

14. 2021 god stal rekordnym dlya Kazakhstana po kolichestvu turistov (2024). Retrieved April 5, 2024, from <https://kz.kursiv.media/2018-10-08/razvitie-turizma-v-kazakhstane-turkestan-zhdet-millionnogo-turista/> (in Russian).

15. Dauletbaev, B., & Primzharova, K. (2023). *Bolzha, zhosparlau zhane zho'balaudy baskaru*. Almaty (in Kazakh).

STATE REGULATION OF REGIONAL TOURISM DEVELOPMENT: ECONOMIC AND POLITICAL ASPECTS

K. K. Primzharova¹, N. Zh. Suleymenova², A. M. Erkinbek¹.

¹ K.Sagadiev University of International Business, Almaty, Republic of Kazakhstan

² Narxoz University, Almaty, Republic of Kazakhstan

ABSTRACT

This article aims to study the process of regional tourism development in the country in the context of growing competition and global changes in the tourism industry in order to support and stimulate tourism activity in different regions of the Republic of Kazakhstan, to improve the management of the system.

The purpose of the study. Includes analysis of regional tourism development in Kazakhstan and assessment of state regulation of the established system. This goal means developing recommendations for improving the management of innovation and productivity in the context of the Turkestan example, identifying the main problems faced by the authorities and improving the regional tourism management system.

Research methodology. The following scientific methods were used in the work: extrapolation, graphic method, data analysis, calculations and statistical analyses.

Uniqueness\value of research. The research is highly relevant in the context of the dynamic growth of the tourism industry in Kazakhstan and is an important step in the sustainable development of regional tourism in the country and making state regulation more effective.

Research results:

1. World practices were analyzed and aspects that could be adapted to Kazakhstani conditions were considered.

2. Within the example of Turkestan, the results of the research on state regulation of the existing system, increasing productivity and management of innovations, were presented and evaluated.

3. Limitations and problems in the existing system of state regulation of regional tourism development in Kazakhstan were identified.

4. An analysis of the economic and political aspects of tourism regulation and its impact on cultural and social development in the regions was proposed.

5. Recommendations for improving the regional tourism management system in Kazakhstan were developed.

Keywords: state regulation, regional tourism, foreign experience, productivity, innovation management, Turkestan city.

ГОСУДАРСТВЕННОЕ РЕГУЛИРОВАНИЕ РАЗВИТИЯ РЕГИОНАЛЬНОГО ТУРИЗМА: ЭКОНОМИЧЕСКИЕ И ПОЛИТИЧЕСКИЕ АСПЕКТЫ

К. К. Примжарова¹, Н. Ж. Сулейменова^{2*}, А. М. Еркинбек¹.

¹ Университет Международного Бизнеса им. К.Сагадиева, Алматы, Республика Казахстан

² Университет Нархоз, Алматы, Республика Казахстан

АННОТАЦИЯ

Данная статья направлена на изучение процесса развития регионального туризма в стране в контексте растущей конкуренции и глобальных изменений в туристской индустрии с целью улучшения управления системой, поддержки и стимулирования туристской активности в различных регионах Республики Казахстан.

Цель исследования. Включает анализ развития регионального туризма в Казахстане и оценку государственного регулирования сложившейся системы. Эта цель означает повышение эффективности и управления инновациями в рамках Туркестанского примера, выявление ключевых проблем, с которыми сталкиваются органы власти, и разработку предложений по улучшению системы управления региональным туризмом.

Методология исследования. В работе использованы следующие научные методы: экстраполяция, графический метод, анализ данных, расчеты и статистический анализ.

Уникальность/ценность исследования. Проведенное исследование имеет высокую актуальность на фоне динамичного роста туристской индустрии в Казахстане и является важным шагом в повышении эффективности государственного регулирования и устойчивого развития регионального туризма в стране.

Результаты исследования:

1. Проанализирован мировой опыт и рассмотрены аспекты, которые можно адаптировать к казахстанским условиям.
2. В государственном регулировании (на примере Туркестана) были представлены и оценены результаты исследований по повышению эффективности и управления инновациями.
3. В сложившейся системе государственного регулирования выявлены ограничения и проблемы развития регионального туризма в Казахстане.
4. Представлен анализ экономических и политических аспектов регулирования туризма и его влияния на культурное социальное развитие в регионах.
5. Разработаны предложения по улучшению системы управления региональным туризмом в Казахстане.

Ключевые слова: государственное регулирование, региональный туризм, зарубежный опыт, производительность, управление инновациями, город Туркестан.

АВТОРЛАР ТУРАЛЫ

Примжарова Калияш Куанышевна – экономика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, К.Сағадиев атындағы Халықаралық Бизнес Университеті, Алматы, Қазақстан Республикасы email: primzharova_72@mail.ru. ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0001-5619-0761>

Сүлейменова Назыгүл Жәнібекқызы – аға оқытушы, Нархоз Университеті, Алматы, Қазақстан Республикасы, email: nazygul.suleimenova@narхоз.kz. ORCID ID: <https://orcid.org/0009-0008-9271-3206>*

Еркинбек Асель Мухитқызы – аға оқытушы, К.Сағадиев атындағы Халықаралық Бизнес Университеті, Алматы, Қазақстан Республикасы email: 980428@mail.ru. ORCID ID: <https://orcid.org/0009-0000-0142-3011>